

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ «ҰМАЙ» МИФОНИМИ

А.Күзенбаева

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Түркітану мамандығының 1 курс студенті

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к. Г.Кортабаева

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Түрксоy кафедрас ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ СӨЗ
ТАПТАРЫН ЖІКТЕУ МӘСЕЛЕСІ**

Серікбаева Г.Ж

Шет тілдері және іскерлік карьера университеті, п.ғ.к., доцент

Бекжанов С.Ж

магистр, оқытушы

Аннотация

Мақалада түркі тілдеріндегі сөз таптары дамуының түрлі кезеңдердегі тарихи деңгейлерін, түркі синкретизмінің табиғаты сөз таптарының тарихымен, оның қалыптасу барысымен байланысты болып, түркі тілдерінде әлі де шешімін таппаған күрделі проблемалар екендігіне талдау жасалған.

Summary

The article analyzes the historical levels of Turkic dialect development in different periods, the history of the Turkic syncretism, the history of its formation, and the complexity of the problems that have not yet been resolved in Turkic languages.

Жалпы түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде, сөздерді сөз таптарына жіктеу мәселесі осы күнге шейін лайықты шешімін таппай, талас тудырып отырған проблемалардың бірі. Ал, сөздердің тапқа бөліну тарихы тым әріде, яғни ежелгі замандар қойнауында жатқаны бәрімізге белгілі.

Қазіргі грамматикалық концепциялардың барлығы – терминдер мен ұғымдар антикалық: ежелгі гректік, содан кейін ежелгі римдіктерден тараған “сөз таптары” термині де ежелгі грек тілінен (*mere tou loqou*) немесе латын тілінен (*partes orationis*) калька арқылы аударылған. Сөз таптары туралы ғылымның алғашқы негіздері антикалық тіл теориясының грамматика дәуіріне дейінгі кезеңін қамтитын риторика мен логикаға арналған шығармаларда кездеседі.

Белгілі бір лексикалық-грамматикалық категориялар ретінде сөздердің айырым белгілерін анықтау, яғни оларды әртүрлі сөз таптарына саралау біршама қиындықтар туғызары мәлім. Өйткені, ол сол тілдің зерттелу деңгейіне де тікелей байланысты. Жоғарыда тоқталып өткендей, сөздің белгілі бір сөз табына жатқызылуы оның тек бір ғана белгісі бойынша емес, барлық морфологиялық, синтаксистік және семантикалық қасиеттерінің бірлігімен шешіледі. Жалпы әр тілде сөз таптары қалай пайда болған, оларды классификациялауда қандай т.б. принциптерге сүйенген деген мәселелерді шешу мүмкін де емес.

Түркі тілдеріндегі сөзжасам тарихын зерттеу нәтижелеріне қарағанда лексиканың эволюциялық өрбу қарқыны түркі тілдеріндегі грамматикалық категориялардың даму деңгейімен белгілі дәрежедегі сәйкестікте және іштей өзара байланыста болғанын байқаймыз. Ал грамматикалық дамудың лексикаға қатысты деңгейі сөз таптарының жіктелу сипатымен анықталғаны мәлім. Басқаша айтқанда сөз таптарының әртүрлі қалпы сөзжасамның әртүрлі тәсілдеріне сәйкес келеді, яғни керісінше алғанда, сөзжасам қалпының әр алуан сипатынан түркі тілдеріндегі сөз таптары дамуының түрлі кезеңдердегі тарихи деңгейлерін көруге болады [1, 51-60 б.].

Түркі тілдері құрылымы жағынан жалғамалы тіл бола тұрса да, оның бойынан аморфты-синтетикалық тілдерге тән полисемантизм сарқыншақтары да кездеседі. Мысалы: *той*-әрі есім әрі етістік; *көш*-есім, *көш*-етістік. Мұндағы екі сөз табының түбірі бір негізді екені даусыз. Ал, оған қоса сөйлемдегі орнына қарай олардың мағынасы да өзгеріп отыратынын ескерсек, ерте замандарда тілдегі сөздердің қызметі жағынан сараланбай, бірінің орнына бірі қолданыла бергендігін байқаймыз. Жоғарыда келтірілген мысалдардағы бір сөздің әрі есім, әрі етістік қызметінде жұмсалуды, Э.В. Севортян атап өткендей, сөзжасамның ерте дәуірлердегі алғашқы аналитикалық тәсілдерінен хабар береді [1, 51-60 б.].

Қ. Жұбанов өз дәрістерінде “Бұрын тіл грамматика категорияларына бөлінбеген, ым тілі мен сөз тілі аралас болған. Есім аталған, етістік ымдалған. Есім болмаса, етістік де болмас еді. Бірлік, көптік те солай. Коллектив меншігінен соң есімде жіктеу пайда болған, етістікте де жіктеу пайда болуы содан. Етістік қосымша арқылы қалыптасқан”, – деп көрсетеді [2, 97б.]. Ғылымда агглютинация теориясы бойынша көптеген формативтер әуелдегі толық мағыналы жеке сөздерден пайда болғандығы туралы

көптен-ақ айтылып келеді. Қазіргі зерттеулерден де осыған ұқсас пікірлерді жиі ұшыратамыз. Мұндай деректердің ең алғашқы атаулар адамдарды қоршаған заттар мен құбылыстардың аттары, яғни тура мағыналы номинатив атаулар болған деген болжамды растай түсері даусыз. Демек, бұдан да біз есімнің алғашқылығын, етістік тұлғалардың оған тетелесе қалыптасқанын аңғарамыз.

Сонымен, осы айтылғандардан түркі синкретизмінің табиғаты түркі тілдері грамматикасының негізгі салаларының бірі – сөз таптарының тарихымен, оның қалыптасу барысымен байланысты екенін анықтаймыз. Бірақ сөздерді таптастыру принциптері зерттеу еңбектерде қаншама жан-жақты талданып

жатқанымен, бұл мәселе түркі тілдерінде әлі де шешімін таппаған күрделі проблемалардың бірі болып қалды деуге болады. Себебі көп жағдайда бірін-бірі қайталаушылық пен Үнді-Еуропалық лингвистика салып берген сүрлеу жолға түсіп кетушілік басымдау. Бірақ әр алуан мағыналарды бір ғана грамматикалық тұлға арқылы беру әр тілдің өзіне тән қасиеттері мен нысанадағы категориялардың ол тілде қаншалықты дәрежеде зерттелуіне, кездесу жиілігіне әрқилы түсініліп, қабылдануы да мүмкін. Сондықтан біз әр уақыт “ана тіліне сүйену қажет” деген қағиданы негізге аламыз [1, 51-60 б.].

Сөз – атау тілде әртүрлі тұлғалар мен категорияларға ие болады. Сөздерді нақты бір сөйлеу актісінде қолданғанда біз заттарды әр тұрғыдан (сапасы мен қасиеті) бейнелейтін тұлғаларды пайдаланамыз. Мысалы, қазіргі қазақ тілінде көптеген *ағаш, көз, ақ, қара, бар, жоқ* т.б. сөздер бар. Бұл сөздерді белгілі қасиеттеріне қарай үлкенді-кішілі топтарға бөле аламыз. Мысалы, *ағаш, көз*, заттардың атауын білдірсе, *көр* сөзі қимыл атауын, ал *ақ, қара* сөздері заттардың түсін білдіреді. Осылардың ішіндегі кей сөздерден әрі сындық, әрі қималдық (ақ, қара) мағыналарды аңғарамыз.

Түркі тілдерінің морфологиялық құрылымын зерттегенде нысанаға алып отырған тұлғаның өзіне тән лингвистикалық мағынасын ескеру қажет. Сөз тұлғаларын таза формалық (тұрпаттық) критерийлер бойынша таптастыру объектіні тану ісін тұңғышқа апарып тіреуі немесе қате пікірлерге ұрындыруы мүмкін. Бұл жайт, әсіресе, етістік-есім негіздеріне қатысты. Мысалы, көш (зат есім әрі етістік) т.б. Көріп отырғанымыздай, бұл мысалдар әр түрлі және жан-жақты ғылыми пайымдауды талап етеді. Әрине, қазақ тіліндегі (сонымен қатар түркі тілдеріндегі) нақты әрбір деректерді талдай отырып, көне түркі тілдерінің материалдарына сүйенбей, оның көптеген морфологиялық, фонетикалық, лексикалық және семантикалық шектерін айқындау қиындық туғызады. Мұндай құбылыстар, әсіресе, қазақ тілінің (түркі тілдерінің де) етістік пен есімге ортақ сөздерін зерттеуде айрықша ұқыптылықты талап етеді. Бір жағынан, бұл аталған тілдік қат-қабаттар қазіргі әр алуан мақсаттағы зерттеулерде әртүрлі түсіндіріледі. Біреулер “қимылдың” мәнін көтеріп, етістікті алғашқы, бірінші деп таныса, енді біреулер “заттың” құнын көтеріп, оны алғашқы деп есептейді. Үшінші бір зерттеушілер оларды жарыса өмір сүрген әрі етестік> есім әрі есім <етестік тұлғалар деп біледі (есім>етістік>есім). “Түркі тілдеріндегі есім мен етістік негіздердің сырттай ұқсастығы кездейсоқ жайт емес. Ол сөз таптарының қалыптасуы мен дамуындағы өзіндік тарихи процесті бейнелейді.

Көне және қазіргі түркі тілдеріне тән есім-етістік омонимиясының деректері, сондай-ақ осы сала бойынша жүргізілген зерттеулердің нәтижелері мен түркі тілдеріне туыстығы жоқ тілдердің материалдарын салыстырудан туған пайымдаулар ата түркі тілінде кез келген алғашқы түбір әрі зат, әрі қимыл-қалыпты білдірген, яғни синкретті болған деп топшылауға мүмкіндік береді” [1, 51-60 б.].

В.Г. Егоров түркі тілдерін құрылысы басқа тілдерден ажырататын маңызды грамматикалық ерекшеліктердің бірі – сөз таптарының диффуздылығы, есім мен етістіктердің морфологиялық жағынан бөлінбегендігі екенін айтады. Оның пікірінше, түркі тілдерінде сөз таптары өз алдына дербес категория ретінде сараланып, мәселен, қайсыбір Үнді-Еуропа тілдеріндегідей грамматикалық тұрғыда қалыптасып болмаған [3,42-436.]. Мына жайтты да ұмытпау қажет. Грамматикалық синкретизм туынды түбір – негіздерге де тән болып алған. Алғаш рет қимыл есім мен етістіктің етіс тұлғаларын туғызатын қосымшалардың бір ізділігіне В.В. Радлов көңіл аударды. Оның бұл ойын Дж.Клоссон дамытты. Ол туынды есім мен етістік негіздер арасындағы сыртқы ұқсастық – түркі тілінің құрылымындағы есім мен етістіктің бір-бірінен жете ажырамаған кезеңіндегі алғашқы эволюциялық сатылардың көрінісі деп білді. Сол тәрізді Т. Лехтисало да Орал-Алтай тілдеріндегі бір тұрпатты омонимдес аффикстер – өткен дәуірден қалған реликті, яғни есім мен етістік іштей жіктеліп бөлінбеген кездің сарқыншағы деп қарайды [1, 51-60 б.].

Қысқасы сөз таптарының пайда болуына табиғаты диффузды, есім-етістікке бөлінбеген зат қимыл атауларының ұзақ уақыт тілде сақталуы, басқаша айтқанда, есім сөздердің негізінде өзге де сөз таптарының пайда болып, қалыптасу процесі ықпал еткен. Осы уақыт ішінде синкретті зат-қимыл атауларының сөйлеу тілінде біртұтас категория ретінде қолданыс жиілігінің күрт өскендігі оларды қызметі мен семантикасы жағынан жіктеуге мәжбүр етті. Э.В. Севортян, осының керісінше, етістіктің белсенділігін жұрнақтар жалғану арқылы етістіктен жасалған есімдердің де молдығын дәлелдеу мақсатында бірқыдыру мысалдар келтіреді: (koz – egu – “лом”, tum – agi – “мұмай”, kur –gak – “құрғақ (шылық)”, tun – dak (салыстыр: “мүндік”) “мүнгі күзетші” [1, 51-60 б.].

Сөйтіп бұл айтылғандардың түркі тілдеріндегі сөздердің морфологиялық тұрғыда дамуы олардың ежелгі мағыналарымен төркіндес екенін, яғни бұрыннан белгілі мағынаны туынды лексемаға теліп, омоним ретінде формальды түрде бекітетінін көреміз.

Сөз таптарының түркі синкретизміне қатысты проблемаларын семасиологиялық аспектіде шешу тұлғалар мен мағыналардың ішкі даму эволюциясын түр мен мазмұнның өзара байланысы мен өзара шарттастығы ынғайында қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл жолмен біз жазу шықпастан көп бұрын,

сонау қауымдық қоғам тұсындағы адамдар санасының қарапайым деңгейіне сәйкес сөйленіс машығынан пайда болған алғашқы диффузды артикуляциялардың тілде морфологияланып (тұлғаланып), сөзжасамның ең көне тәсілдерінің бірі саналатын “есім-етістік” үлгісіндегі синкретизмдердің іргесі қалана бастағанына көз жеткізе аламыз.

Әлбетте, біз сөз таптарын мәңгілік сіресіп қатып қалған, өзгермейтін нәрсе деп қабылдайтынымыз мәлім. Олар әр уақытта өзгеру, даму және жетілу үстіндегі процесті басынан кешіріп, өзара қарым-қатынаста болады. Ал сөз таптарының ішкі арақатынасы барлық тілдерде біркелкі болуы мүмкін емес. Мысалы, Үнді-Еуропа тілдерінде зат есім мен сын есім етістікпен қосылып предикатив категориясын құрайды. Бұның сын есім категориясын семантикалық тұрғыдан да, функциялық тұрғыдан да жүйелі түрде өзгерістерге ұшыратып, өзіндік ықпал ететіні сөзсіз.

Қазақ тілінің академиялық грамматикаларында да сөз топтары түрліше топтастырылады. Егер «Қазіргі қазақ тілі» (1954) еңбегінде атауыш сөздерді (негізгі) есімдер және етістіктер деп екіге бөліп, есімдер тобына зат есім, сын есім, сан есім, есімдігі жатқызса, етістіктер тобына мағына жағынан қимылдың амалды білдіретін сөздерді, яғни етістіктерді жатқызады. Ал «Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология» (1967) еңбегінде атауыш сөздерді есімдер және етістіктер деп бөліп, одан әрі атауыш сөздерді атауыш есімдері үстеуіш есімдер және етістіктердеп бөлудің өзіндік негізі бар екендігін көрсетеді.

Тілдің сөздік құрамындағы барлық сөздерді атауыш, көмекші және одағай сөздер деп жіктеуге олардың семантикалық белгілері негізге алынса, сөз таптарына қарай таптастыруда лексика-семантикалық белгілерімен қатар грамматикалық ерекшеліктеріне де назар аударылады. Сондықтан сөздерді таптастыру олардың грамматикалық сипатымен байланысты жүзеге асырылады. Бұл орайда, біріншіден, жеке сөз таптарына телінетін сөздердің барлығы тілдің сөздік құрамына еніп, олардың әрқайсысы лексика-семантикалық тұрғыдан саралануы тиіс; екіншіден, грамматиканың негізгі міндеттерінің бірі сөздерді грамматикалық жағынан таптастырып, олардың түрлену жүйесін, тіркесу әлеуеті мен синтаксистік қызметін анықтау болғандықтан, әрбір сөз табы және оның құрамына енетін әрбір сөз грамматикалық тұрғыдан да сипатталуы қажет.

Сөздерді белгілі бір сөз табына топтап, таптастыру мәселесі туралы Қ. Жұбанов маңызды тұжырым жасайды [2, 163 б.].

Сонымен, сөз таптары жөніндегі мәселені бағдарлау әрі тілдің құрылымының, әрі сөздің құрылымының теориялық та, практикалық та мәселелерін терең зерттеу, жете білу үшін керек. Мысалы, бастауыш, орта, жоғары мектептерде тілді оқытудың негізгі түйіндері, сайып келгенде, сөз таптарына, солардың айналасына шоқталады; сондай-ақ тілдің грамматикалық құрылысына байланысты көптеген мәселелерді алсақ, оларды сөз таптарына байланыстырмай зерттеу де, шешу де мүмкін емес.

Олай болса, сөз таптары жайындағы мәселелер тілдің грамматикалық құрылысының, сөздің грамматикалық құрылымының әрі кіндік қазығы, әр негізгі арқауы сияқты мәселелер. Шынында, тереңірек үңілсек, сөз табы грамматиканың көптеген түйіндерін шешетін арқау ғана емес, оны (грамматиканы) лексикамен байланыстыратын да негізгі баспалдақ сияқты. Сөздің морфологиялық құрылымы жайындағы ілім тек сөздің құрамын (түбірінің, негізін, қосымшаларын) талдаумен ғана тынбайды, оның бүкіл грамматикалық жүйесін, әр тобына тән сөз тудыратын, сөз түрлендіретін жүйелерін де зерттейді. Тілдегі сөздерді грамматикалық топтарға бөлу, оларға тиісті грамматикалық сипаттамалар беру, алды-алдына талдау грамматиканың негізгі өзегі, ең түйінді, ең басты мәселесі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ж.О.Тектіғұл. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы, 2012.
 2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, «Ғылым», 1966.
 3. Егоров В.Г. Введение в изучение чувашского языка. М.1930
- Аманжолов С. Тіл және жазу/ Язык и письмо. – Өскемен, 2005. – 403б.



Аннотация

Құдай-ана Ұмайдың көне түркілік діни сана сезімде алатын орны ерекше. «Ұмай» онимі барша түркі халықтарына ортақ болғанымен, ол түркі тілдерінде түрлі формаларда кездеседі. Сол себепті де аталмыш еңбекте «Ұмайдың» түркі тілдерінде кездесетін түрлі формалары, Ұмайдың түркі мәдениеті мен тілдік бірліктерінде алатын орны қарастырылады.

Кілт сөздер: Ұмай, лингвомәдениеттану, түркі халықтары, оним

Аннотация

Образ богини Умай занимал важное место в религиозном сознании древних тюрков. Хотя «Умай» является общим для всех тюркских народов, он неравный в тюркских языках, то есть оним «Умай» встречается в разных формах. Вот поэтому в данной научной работе будут рассмотрены различные формы онима «Умай» на тюркских языках и роль «Умай» в культуре и лингвистических единицах тюркских народов.

Ключевые слова: Умай, лингвокультурология, тюркские народы, оним

Annotation

The image of the goddess Umai occupied an important place in the religious consciousness of the ancient Turks. Although “Umai” is common to all Turkic peoples, it is unequal in the Turkic languages, that is, “Umai” is found in different forms. That’s why in this scientific work will be considered the forms of the onim “Umai” in Turkic languages and the role of the onim “Umai” in the culture and linguistic units of the Turkic peoples.

Key words: Umay, linguoculturology, Turkic people, onym

Ұмай Тәңірінің бейнесі көне түркілердің діни сана сезімінде үлкен орын алған. Бұл Құдай ананың үш бөлімді түркілік пантеонда ерекше орынға ие болғандығын оның есімінің бірнеше мәрте руникалық мәтіндерде кездесуінен, сондай ақ қазіргі Сібір және Орта Азиядағы түркітілдес халықтардың дәстүрлі дүниетанымын зерттеу нәтижелерінен байқалады, атап айтқанда Barthold W. (1897); Radloff W. (1897); Мелиоранский П. (1899); Анохин А.В. (1924); Анохин А.В. (1929), Дыренкова Н.П. (1928), Каруновская Л.Э. (1935), Потапов Л.П. (1973), Абрамзон С.М. (1990); Баскаков Н.А. (1973), Алексеев Н.А. (1980); Алексеев Н.А. (1984); Валеев Ф.Т. (1980); Бутанаев В.Я. (1984), Бутанаев В.Я. (1986), Бутанаев В.Я. (1988), Львова Э.Л., Октябрьская И.В., Сагалаев А.М., Усманова М.С. (1988) еңбектері]. Сонымен қатар әлі күнге дейін зерттеушілер арасында көне түркілердің Ұмай бейнесін қандай бейнеде сипаттағаны жөнінде ортақ бір пікір жоқ.

Ұмай термині качин диалектінде Омай және Ымай деп айтылады, ал сағай диалектінде Ұмай және Ымай. Әдеби хакас тілінде Ымай формасы қолданылады.

Көне Тәңіршенің бейнесін және оның есімін қырғыз мұсылмандары исламда ерекше құрметтелетін әйел аттарымен байланыстырады: Фатима және Зухра (соңғысын айтқан кезде екеуін біріктіріп Батма Зуура немесе Сурра деп айтады).

Қырғыздардың көне діни культтарына Ұмай ана (Ұмай эне) культі де жатады. Бұл культті қарастырмас бұрын оның көп құрылымды түркілердің діни жүйесінің бір бөлшегі екендігін ескерген жөн. Бұл ұғымның зерттеу негіздері Л.Н. Гумилевке тиесілі.

Ұмай мен үңгірдің ара қатынасы бұрындары түрлі түркі халықтары үшін маңызды болғанға ұқсайды. Жергілікті тұрғындар Чар тауындағы (Нарын қаласының маңы) үңгірде Ұмай мекен етеді және оған қарапайым адам кіре алмайды деп сенген*. Сүлеймен тауы (Ош қаласы) бұрынғы кезден перзент сүйе алмай жүрген әйелдердің ем іздеп баратын жері болып табылады.

Үңгірге қатысты мұндай көзқарас Хакасия мен Бурятияда да қалыптасқан. Ұмай үңгірінде сакральді орталыққа сай барлық сипаттамалар бар. Алайда оның тауда болуы Ұмайдың хтоникалық кейіпкер екендігіне дәлел бола алмайды, себебі «тауда хтоникалық сипаттамалар болса да, онда аспанға дейін созылған жердегі орталық вертикальділік пікірі бар» [1, 82].

Ұмай ананың хакашша аты Ымай идже. Хакастардың пікірінше, ол адамдардың көзіне көрінбейді және үнемі аспанда ақ бұлттарың арасында сәбилердің дүниеге келуін, олардың аурудан аулақ болуын қадағалап отырады. Егер емізулі сәби құлап қалатын болса, оған ештеңе болмайды, себебі оны Ұмай ана қорғап жүреді деп сенген. Сондай ақ сәби ұйықтап жатқанда күлсе, Ұмай ана оны ойнатып жатыр, ал егер жылайтын болса, оны қорқытып жатыр деген сенім болған. Егер сәби жылайтын болса, Ымай иджені «хурай, хурай» деп тыныштандырып, Ұмай ана мейірлене түссін және қарнын тойдырсын леп сәбидің аузын маймен сылаған. Хакастардың сенуінше, Ұмай ана Ымай тасхыл тауындағы өзінің «қоймасында» сақтаулы сәби жандарының қорғаушысы болған. Ымай иджені ақ шашты, адамдарға жаны ашып тұратын мейірімді жасы үлкен әйел бейнесінде елестеткен. Бәлкім сол себепті де сағайлар оны Пай идже, яғни ауқатты, мейірімді ана немесе Улуг ах ине (Ұлы ақ ана) деп атаған болар [2, 93-105]. Ал түрік мифологиясында Ұмай Омаджи деген балаларды қорқытатын рух ретінде трансформацияланған.

Хакасияда Ұмай (Ымай) деп Тәңіршеден басқа сәбидің туғаннан бастап, жүргенге дейінгі жанын атаған. Сәбилердің нендей жағдайы болмасын бәрін Ұмай анамен байланыстырған. Егер сәби күлсе, оынмен Ұмай тілдесіп жатыр, егер жыласа, Ұмайдың қарауынсыз қалғанда оны зұлым рухтар қорқытып жатыр деген сенім болған. Сәбидің ауыруы Ұмайдың жоқ екендігінің нақты белгісі болған. Мұндай жағдайда сәбиді бақсыға (шаманға) апарған. Ол түрлі дәстүрлері арқылы сәбидің жанының зұлым күштер ұрлап кеткенін немесе оның орнында екенін анықтаған. Егер сәби жаны ұрланса, ол сәбидің өліміне әкеліп соғуы мүмкін еді.

Шорлар Ұмай ананы (Май иче) сәбилердің қорғаушысы деп құрметтеген, сонымен бірге балалардың ауруы мен өлімін Қара Ұмай деген зұлым күшпен байланыстырған. Шорлардың Ұмайға (Май иче) арнап жасайтын дәстүрлері мынадай: бесікке тағылатын кішкене садақ пен оқ, оқ қадалған (ер балалар үшін) немесе жебе қадалған (қыз балалар үшін) қайыңнан жасалған ойыншық, бесікке салып қоятын ағаш оқ. Телеуіттер Май энені аспаннан кемпірқосақ арқылы жеге түсіп, алтын садақпен балаларды қорғайтын күміс түстес шашы бар жас әйел бейнесінде елестеткен. Қырғыздар Ұмай энеге сәби туылғанда немесе ауырып қалғанда жолығатын болған. Құмандар Ұмай эне судан қорқады деп сенген (әйел бейнесіндегі от Құдайы секілді).

Отбасын қорғап жүретін рухтар мен күштер пантеонында сәбилердің қорғаушысы Ұмайдың немесе Ұмай иченің орны ерекше еді. Ұмай анаға табынушылық Саян Алтайдағы түркітілдес халықтар арасында кеңінен тараған, бұл сенім көне түркілік кезеңде пайда болғанға ұқсайды. Шорлардың дүниетанымы бойынша, Ұмай бір уақытта жоғарғы әлемде және жерде, сәбилердің жанында мекен етеді.

Мрастық шорлардың Ұмаймен қатысты басқа да дәстүрлері болған. Ол қоянның терісі төселген, оқ (ер балалар үшін) немесе жебе (қыз балалар үшін) қадалған, киіз үйдің қабырғасына бекітілген қайыңнан жасалған бесік. Сәбиді қорғайтын қарапайым бұйым ретінде бесіктің аяқ жағына қойылатын басы темір оқты қолданған.

Егер отбасында сәби ауырып қалса немесе өлетін болса, анасы бақсыны (шаманды) көмекке шақырған, ал бақсы жасырын түрде оған шүберектен «пала куду начах» деген қуыршақ тіктірген, ол дегеніміз сәбиге ұқсас кішкене баланың жаны. «Ұмай тытарга» деп аталатын бұл дәстүр жасырын түрде соңғы қайтыс болған сәбидің өліміне бір жыл болғанда қараңғы түнде жасалған. Шаманның айтуы бойынша, әйел адам өзенге бесікті лақтырып, сол бесікпен өліліре патшалығына Қара Ұмай да кетіп қалсын деп ырымдаған. Осы дәстүрді орындағанда әйел адам баласын ұстап тұрғандай қуыршақты көкірегіне жақын тұтқан.

Ұмай (Ымай, Майзне, Байана, Пайана) «биографиясын» көне түркілік дереккөздерден кездестіретін Тәңір болып табылады. Көне түркілік жазба ескерткіштерде оның аты жиі аталмаса да, үлкен маңызға ие болған. С.Г.Кляшторный Күлтегінге арналған жазба ескерткіште «Тәңір мен Ұмай атты қос Құдай жұбына арналған мифке сілтеме бар, ал жерде бұл жұптың баламасы қағанның жұбайымен құрған жұп» деп есептеген [3, 133]. Сәйкесінше, көне түркілік жазба ескерткіштерде аты аталатын Ұмай ана VII—VIII ғасырларда көктегі Тәңір мен жер су Құдайы *jar sub* пе қатар айтылады. Сол арқылы бізді көне замандағы ұрпақ жалғастыру дәстүрімен және күнге табынушылық дәстүрімен қаншалықты байланысты екендігімен таныстырады. Бұл қазіргі қырғыздардың көне түркі тайпаларымен және конфедерацияларымен тығыз байланысты екендігін, олардың арасында этногенетикалық байланыс бар екендігін дәлелдеуде көмекке келеді.

Күлтегінге арналған жазба ескерткіште П.М. Мелиоранскийдің аудармасы мен транскрипциясы арқылы берілген мынадай жолдар кездеседі: «Умај-тағ өгәм катун кутына інім күл-тагін әр ат болды»,

аудармасы: «Менің Ұмай секілді Ұлы мәртебелі анам катун үшін (қуанышқа орай) менің кіші інім Күлтегін оның жары атанды». Аудармаға П.М. Мелиоранский мынадай анықтама береді: «Аудармада мен „құт, бақыт“ сөздерін бір мәртебе деп түсіндім... грамматикалық тұрғыда „матери анамның қуанышына орай“ және т.б. деп аударуға да болатын еді, „Ұмай“ Алтайдағы шамандардың әлі күнге құрмет тұтатын Тәңірі (В. Радлов пен В. Вербицкийдің сөздері)».

Ұмайдың өзін антропоморфтық түрде ақ қайыңнан жасалған шаштары жылқының ақ жалынан жасалатын қуыршақтар (сағайларда қарасорадан жасалған), шүберектен жасалған садағы мен оғы бар қуыршақ (мысалы, качиндіктерде), сондай ақ ақ шүберек немесе қуыршақ сәбиі бар қайыңнан жасалған бесік (телеуіттерде немесе шорларда), бірге тігілген екі түлкі терісі немесе моншақтардың біріктірілген түрі (хакастардың басым көпшілігінде), ақ қоян терісі (қыпшақ тектес алтайлықтарда Дьайық Ұмай бейнеленген), кейде жай ғана садақ пен оқ сипатында (Хакасия маңайын мекендейтін шорлар сияқты) немесе бір ғана оқ бейнесінде (көптеген шорлардағы сияқты) де бейнеленген.

Алтайлықтарда фольклорлық өлең жолдары сақталған: **Суда, көлде суатты, Сурун тауда ойынды, Тарак басты Май ене.** Алтай тауының маңындағы қорған бейіттерінің кілемінде тарак басты Тәңір бейнеленген, бұл сол бейнеде Ұмайды көруімізге себеп болады [4].

Көне түркілік дәстүрді алтай түркілері жалғаған. Ол жоғарғы әлемнің (Аспан) Тәңірінің (Йайачы, Жайачы, Жайық) жұбайы ретінде сипатталады. Олардың қосылуы нәтижесінде жер бетінде тіршілік пайда болды. Алтайлық шамандардың дұғасына назар салсақ: **Өре тұрған құдайым – Йайачым. Кепке мени сылым пығарда Умай енеме** (Сен мені Ұмай анада көтеріп жүрген кезінде).

Аңыз әңгімелерге сенетін болсақ, кей үңгірлер мен тастарда Ұмай ана жерге түскендегі іздері сақталып қалған. Оны *Умай энеңдин тагы* (Ұмай ананың іздері) деп атайды. Қырғыз бақсылары мен әйел босандыратын емшілер тудыру кезінде және емдеу кезінде мына дұғаны айтып, Ұмай анаға жалынатын болған: *менин қолум эмес, Умай эненин колу* (менің қолым емес, Ұмай ананың қолы). Балаларды, тіпті үлкендерді бір сапарға аттандырғанда жасы үлкен әжелер былай деп ақ жол тілеген: *Умай энеге тапшырдым* (Ұмай анаға тапсырдым). Ерекше атап өтетін жайт Ұмай ананы жемісті және жеңісті, бақытты күндерде жиі еске алатын болған. Астық пен мал басы мол болған кезде былай деп айтатын болған: *Умай эненин эмчегинен сют ағат* (Ұмай ананың емшегінен сүт ағады).

Ұмай адамдардың ішкі жан дүниесіне еніп, соңғы деміне дейін сонда сақталатын қасиетті нұр шашқан Тәңір болған. Бұл шуақтар адамға өмірлік энергиясын сақтауға көмектескен. Нұр шуағы оны аспанмен байланыстырып, көктен оның ұлылығы үшін жерге түскен. Егер нұр сәулесі сөнсе, адам өліп қалатын болған.

Сәби туылған кезде Ұмай ер балалар үшін оқ, ал қыз балалар үшін жебе дайындап, қорғап жүрсін деп оларды бесікке салатын болған. Сәбилерді сондай ақ киімдеріне тағылған шашақ баулар да қорғап тұратын.

Шорлық Май ичеге арналған символдық бейне сәбидің бесігінің үстіне ілініп қойылатын ағаш оғы бар кішкене садақ.

Хакастарда сәбидің туылғанына жеті күн толғанда «Мейірімді Ұмай күні» «Ымай той» тойланатын болған. Сондай ақ Ұмайдың құрметіне ауылдың сол жағына көк шүберектен тігілген, бала ауырып қалған жағдайда ботқа арқылы тамақтандырылған қуыршақты ілу арқылы бейнелеген.

Бұларға қосымша ретінде мифоритуалды тәжірбиеде кездесетін Ұмай бейнесінің аспандық компонентіне дәлел болатын көптеген жайттарды айтып өтуге болады. Хакастар "хурут ымай" амулеті өзіне "ашық аспандағы" Тәңірді тартып тұрады деп сенген. Ұмай символы ретінде алтын, күміс түстем, ақ және жасыл түсті жіптер қолданылған. Бұл жерде жіп тіршіліктің бастауы болып табылатын күн шуақтарын елестеткен. Якут дәстүріндегі жіпті күн нұры ретінде қолдану бедеулікке қарсы ем болуы әбден мүмкін.

Ұмайдың басты символы қанат (Саян Алтайдағы қазіргі түркі халықтары үшін Ұмай ертегідегі құс, ол ауада қалықтап жүреді, көктен түскен әдемі әйел, құс ана және т.б.; алайда бұл халықтардың түсінігіндегі құс тек ертегіде ғана бар, сол себепті Ұмайдың аспанда ұшып жүруі үшін қанаты болуы керек деген ой туындайды; Тань Шань қырғыздарында да "ұмай" – ауада қалықтап жүретін ертегідегі құс; хакастардың бір бөлігі Ұмайды сәбиге жан мен тән әкелетін ақ немесе көгілдір түсті құс ретінде елестеткен; Ұмайдың қанатты ұрпақ жалғастурушы құс ретінде сипатталуы Еуразия халықтарының түсінігіндегі дүниенің бір біріне қарама қарсы екі сферасымен (жоғарғы және төменгі әлем) байланысты болуында деп айта аламыз).

Ұмай, Умайя, Ымай, Май – аналықтың, өміршендіктің, ұрпақ жалғастыру мен мейірімділіктің ұштасқан көрінісі. Көне және қазіргі түркілердің діни санасында Ұмайдың жандануы тікелей сол уақыттарда оларға келіп жеткен діндермен байланысты (христиандық, буддизм және оның түрлері), ол зерттелуі енді ғана бастау алған ескі түркі мәдениетінің феномендерінің бірі.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

1. Абрамзон С.М. Рождение и детство киргизского ребенка// Сб. МАЭ. – 1949. – Т. 12. – С. 82.
2. Бутанаев В.Я. Культ богини Умай у хакасов.// Этнография народов Сибири. Новосибирск: 1984. С. 93-105.
3. Кляшторный С.Г. Мифологические сюжеты в древнетюркских памятниках//Тюркологический сборник. 1977. – М., 1981. – С. 133.
4. <https://qamba.info/site/book/online/serikbl-qndybai-v>

